

**"Жүк тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429-І бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 22 желтоқсандағы N 409-І Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 28 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 4000. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Жүк тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429-І бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3294 нөмірмен тіркелген, ҚР Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 ж., N 14, 86-құжат; N 15, 89-құжат; N 16, 118-құжат; N 17, 133-құжат; N 18, 156-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүк тасымалдау ережесінде:  
50-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Халықаралық қатынаста жоспардан тыс тасымалға арналған рұқсат ағымдағы күнтізбелік айдың аяғына дейін қолданылады.

Облысаралық қатынаста жоспардан тыс тасымалға арналған рұқсат тасымалды жүзеге асырудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктерін ескерумен өтінім түскен кезден бастап 30 күн ішінде қолданыста бола алады."

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Қатынас жолдары комитеті (Н.Т.Байдәулетов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК